

Түйін

Мақалада автор Қазақстан тарихы сабағында өлкетану материалдарын пайдаланудың әдістемесін қарастырады.

Conclusion

In this article the author describes the approaches of the use of the Local – history of material at the lessons of History of Kazakhstan and other historical disciplines.

ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Шаковец Е.Н.

Қазіргі уақытта тәжірибелі педагогтар мен әдістемешілер қазақ тілін оқыту барысында техникалық құралдарды пайдалану, сабақты жандандыратынын, қызығушылығын арттыратындығын, өздігінен ізденуі мен шығармашылық бағытта ізденістер жасауына мүмкіншіліктер жасайтындығын дәлелдеп отыр. Техникалық құралдарды пайдаланып өткізілген сабақта студенттер жалықпайды, жаңа оқу материалын қабылдауда олардың әртүрлі сезім мүшелері (көру, есту т.б) қатысады, оқуға қызығушылығы артып, түсіндірілген материалдарды тез қабылдауына мүмкіндік туады. Әрине, техникалық құралдар оқытушының ролін еш уақытта да, атқара алмайды. Ол оқытушыға тек көмекшілік қызметін ғана атқара алады, оны бірсыпыра жұмыстардан босатады.

Жаңаша жаңғыртып оқыту, жоғары белсенділікті дамыту және деңгейлік оқыту әдістемелерін жоғары дәрежеде дамыту оқытудың техникалық және электронды құралдарын (техническое средство обучения) жан-жақты пайдаланғанда ғана толық орындалды.

Оқытудың техникалық құралдары (ОТҚ) – тіл үйретуде бұрыннан қолданып келе жатқан көмекші әдістемелік амалдардың бірі. Оның негізгі мақсаты – оқу ақпаратын сақтап, қабылдап алу, меңгерту кезіндегі бақылауды жүргізу, ең бастысы – үйренушінің тілді меңгеруі, үйрену дығдысын, білімін қалыптастыруға көмек көрсету. ОТҚ бұрынғы кезде көрнекілік құралдар арқылы түсіндірілетін, яғни кестелер, суреттер, таблицалар, басқа да көрнекті құралдар ОТҚ деп есептелетін.

Әдістеменің кейінгі дамыған жылдарында ОТҚ ретінде диафильм, диапроектор,

фильмоскоп, проекциялық дыбысты жазып алатын аппараттарды, диафильм, видеофильм, теледидарды қолданылып жүрді.

Білім беру жүйесіне инновация енгізу жағдайында оның ішінде тілді оқытуда ОТҚ-ны пайдалану ерекше қажет болып отыр.

Бұлар магнитофон, видеотаспа, теледидар, құлаққап, кинофильмдер. Ол үшін арнайы лингафон кабинеттер жабдықталады.

Сонымен қатар жоғары белсенділікті дамыту әдістемесі негізінде ОТҚ үшін компьютер (ЭЕМ) электронды құралдар, Интернет көмегі пайдаланады.

Қазақстандағы білім беру жүйесінде жоғарыда көрсетілген ОТҚ-ның кейбіреулері қолданылып жүр.

Қазіргі кезде қазақ тілін оқытуда ОТҚ барынша дамыды. ОТҚ үшін қолданылатын құралдар көп. Бірақ жалпы оқыту процесі тыңдау, есту, көру, түсіну, байқау арқылы жүргізілетін болғандықтан, ОТҚ нақтыланып оқытудың аудиовизуалды құралдары (ОАВҚ) деп аталып жүр. Бұл тыңдап- түсіну (аудио) және көріп-байқау (видео) құралдары ТКБҚ деп алынды.

ТКБҚ-ның ерекшелігі және артықшылығы неде? Ол:

– Үйрету кезеңдерінде табиғи тілдік ортаны қалыптастыру.

– Үйретуде көрнекіліктің дидактикалық принциптерін жүзеге асыру.

– Үйренушілердің барлығын дерлік қамтамасыз ету.

– Үйренушілердің мүмкіншілігін жоғары деңгейде пайдалану.

– Ең бастысы ауызекі сөйлеуге дағдыландыратын сөйлеудің қызметін жүзеге асырады.

ТКБҚ-ның концепциясының негізі: оқыту былайша орналасады: тыңдау.... сөйлеу оқу.....жазу. Оның ішінде ауызша қабылдау (тыңдау мен сөйлеу) әрдайым ілгері шығып отырады.

ТКБҚ сөйлеу жағдаятына негізделенеді, яғни тілдік материал сұхбат түрінде беріледі, ал онда күнделікті тұрмыс-тіршілікте қолданылатын тілдік ситуациялар беріледі.

ТКБҚ әдістемесі функционалды, яғни тілдік материалдар қарым-қатынас мақсатына сәйкес іріктеліп алынады.

ТКБҚ әдістемесінің негізгі ұстанымдары:

1) оқыту сатылай ұйымдастырылады: тыңдау.... сөйлеу.... оқу.... жазу;

2) аударма қолданылмайды;

3) сөйлеу жағдаяты-күнделікті қарым-қатынас тақырыбында сөйлеу жағдаяты материалдарына құрылған шағын сұхбат түрлері;

4) тірек сөздер-тақырыпты ашатын және оның негізгі идеясын беретін пәрменді сөздердің синонимдік қатарларын беру ;

5) оқыту клиптері-бірнеше тақырыптардың мазмұнына сәйкес біріктіріліп берілетін сұрау тізбектері.

Осының негізінде оқыту өрнектері төмендегідей сатылап үйретіледі.

кіріспе ұсыну (материалы қабылдау үшін алдын-ала берілетін сұрақтарға сезу арқылы жауап іздеу);

түсіндіру (дыбыссыз және дыбыспен көріп, көріністер мен бейнежазбаларда рөлдерде ойнаушы кейіпкерлер сөздерін жайында сақтау және сөйлеу жағдаяттық тапсырмаларды орындауға даярлық)

дамыту (алған білім бойынша сөйлеу дағдысын қалыптастыруға бағытталған рөлдік ойындарды, имитациялық жаттығуларды меңгеру арқылы ұсынылған тақырып шеңберінде немесе талқыланған сөйлеу жағдаяттық тапсырмалар көлемінде қарым-қатынасқа түсу);

бекіту (сөйлеудегі автоматтандыру тәсілін барынша жоғары деңгейге көтеру)

Үйретудегі ең басты мәселе ауызекі сөйлеуде дағды мен біліктілікті жетілдіру болып табылады. Сондықтан да оқыту ны-

сандарын іздеу, сөйлеу механизмдерін жетілдірудің нәтижелі жолы. Мұндай жетілдірудің бірден-бір жолы сөйлеу дағдысы мен сөйлеу біліктілігін дамытуды техникалық оқу құралдарының көмегі арқылы оқыту барысында қалыптастырады. Оқыту барысын ұйымдастыруда оқытушының міндеті-техникалық оқу құралдарын ұтымды пайдалану, бұл міндет сабақты жекелеп өткізуді алға шығарады, яғни қайта оралу барысы жүзеге асады. Қайта оралу барысы-оқытудың негізгі құрамды бөлігі десек, сабақты ұйымдастырудағы орынды қолданылған көріп-байқау, (аудиовизуалды) құралы бір сөзбен айтқанда оқытудағы басқару жүйесінің бірлігін құрайды. Адамның танымдық қасиеті көрнекілікті сезім арқылы қабылдаумен жүзеге асады. Сондықтан да көріп-байқау оқу құралдары қатысымдық сөйлеу жағдаятын табиғи жағдайда практикалық қатынасқа енгізуге мүмкіндік туғызады. Қазақ тілін оқытудағы жаңа әдістемеді оқу телевизоры тілді үйретудің тиімді қайнар көзі. Оқыту жүйесінде енгізілген оқу телевизоры оқытудың тұлғасына, мазмұнына және әдістемесіне әсер етпеуі мүмкін емес. Ол оқытудағы уәждемені және оқыту процесіндегі дидактиканы күшейтеді. Біздің тәжірибеміз көрсеткеніндей көріп-байқау құралдарын жоққа шығару емес, керсінше бұл құралдар бір-бірін толықтырады, бірақ сабақтың бағдарлама бойынша мақсатына жетуде көріп-байқау құралдарын дұрыс қадағалау керек. Бұл оқытушының шеберлігіне байланысты, себебі дәстүрлі дидактиканы қайтадан жаңарту болып табылады. Оқу телевизоры мынандай мүмкіншіліктер береді:

– Тыңдау және сөйлеу дағдыларын өте жылдамдатады және жандандырады;

– Таныс емес сөздерді ұғынуға көмектеседі;

– Көріп және есту арқылы есіне ұзақ сақтауды жетілдіреді, дамытады;

ТКБҚ-ның лингводидактикалық және психологиялық ерекшеліктері белгілі бір жүйеленген сабақтар негізінде жүзеге асады.

Тыңдап-түсіну, көріп-байқау құралдарын қолданғанда сабақтың негізгі үш түрі айқындалады:

– оқулық бойынша өтілетін материалды бекіту және қорытынды;

– өмірдегі шындықпен жақындастыру және танымын арттыру;

– үйренушінің қабілет белсенділігі қызметіндегі сөйлеуді жандандыру.

Тілді оқытудың маңызды бөлігі оқыту материалдарын (тілдік және сөйлеуге арналған), білімін, дағдысын, біліктілігін, тақырыптық сөйлеу жағдаятын және мәтінді ұйымдастыру мен үйретуді жүзеге асыруда пәндер бойынша өтетін сабақтарды оқыту негізінде білім және түсінік орын алатын болса, оқытылатын сабақтардың негізінде сөйлеу дағдысы және біліктілікке қажеттігін алға шығаратыны белгілі.

Сондықтан да оқытуда ТКБҚ-ны қолдану мәселесі жөнінде ешқандай талас-пікір болуы мүмкін емес.

Оқыту процесінде ТКБҚ-ны қолдануда көңіл аударатын бір нәрсе жасанды еліктеушілікке соқтырмай, тыңдау және көңіл күйіне әсер беретіндей әрекетке бармау жағы қарастырыла отырып, керісінше үйренушілердің ойлау мазмұнымен құрылысы және сабақ өрнектерін даярлау, жетілдіру мақсаты көзделуі міндетті.

ТКБҚ хабарлауды жеткізетін амал ретінде қаралмау керек, керісінше ол хабарлауды шындыққа сәйкес берілуін (80-90 %) міндеттеу және оның мазмұнын әр түрлі тәсілдер арқылы қарастырылуын ескерту керек.

ТКБҚ-ны оқу процесінде қолдануда мынандай нысандарды енгізу қажеттігі ескерілуі керек;

– техникалық оқу құралдарын қолданғанда дидактикалық және жалғастық қағида-сының орындалуын ескерту;

– оқытылатын пәннің оқу материалдары нысандары;

– видеотаспа, аудиотаспаның көмегі арқылы хабар беру нысандары;

– үйренушінің көңіл күйіне әсер ететін және қалыптастыратын білім нысандары;

Техникалық құралдар мынандай сапада құрастырылады;

– нақты хабарлауды таратушы;

– үйренушінің көңіл күйіне әсер тәсілінде;

ТКБҚ-ны сабақта қолдану үйренушінің танымдық қызметін қалыптастырады және күшейтеді әрі белгілі бір мәселелерді шешуде пәрменділігін және өз бетінше әрекет жасауы арқылы жұмсауына көмектеседі.

Техникалық оқыту құралдарын оқу процесінде қолдану қазіргі замандағы талаптарға жауап беруі қажет.

Тыңдап-түсіну, көріп-байқау құралдарының ішінде сабақ берудің барлық сатысында және барлық аудиторияларда қолдануға болатын түрі-аудио құралдар, радио мен теледидардың хабарлары, және адамдардың сөзі, сұхбаттар жазылған ұнтаспа. Ұнтаспаны сабақтарда пайдалану біраздан бері бар, Бірақ әрбір оқытушы оны өз әдістемесіне қарай қолданады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қадашев Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: «Мұрагер», 2005.

2. Оралбаева Н., Жаксылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы: «Ана тілі», 1996.

3 Қазақстан Республикасының Мәдениет Министрлігі. Мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру мәселелері. – Астана, 2004.

Резюме

В данной статье говорится о применении новых технологий на занятиях по практическому казахскому языку.

Conclusion

This article es about using new technologies on the practic Kazakh lessons.